

ЕЛІН ҚОРҒАП, ЖАУЫНА ҰРЫС САЛҒАН

Іргеден жауы, белдеуден дауы арылмаған алмағайып заманда қалың қазақжұртының басы аман, бауыры бүтін болуын ойлап ат жалына жармасқан батыр бабаларымыздың ұрпаққа ұран болар ерлік істері тарих бетіне өз бедерін салып кеткен. Бас бармағы тістеулі кездің теперішін көп көрген қазақ елінің тұтастығын сақтап, ел болып еңсе тіктеуіне ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен, ерлік ісімен үлес қосқан алғадай батырларымыздың бірі- Сеңкібай Оразғұлұлы.


Қазақ-жоңғар жорығында азулы Абылай ханның ту ұстар батырларының бірі болған Сеңкібай батырдың туғанына 300 жыл толуына орай ұрпақтары Талды өзенінің бойындағы батыр басында ас беріп, құран оқытты.

Сарымдағы Шабанбай,
Шұбыртпалы Ағыбай,
Қараменде, Кеңгірбай,
Көтерші бабалар бағымды -
ай!"

деп бата қайырып, бүгінгі жас ұрпақтың зердесіне кешегі өткен парасатты бабалар есімін сіңіріп, рухын сыйлауға үндеп жатады.

Есімі иісі қазақтың айта жүрер мақтанышына айналған батыр бабамыздың туғанына 300 жыл толуына орай өткізілген асқа жиналған батыр ұрпақтарының маңдай алдында қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің жүруі, қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың батырдың бесінші ұрпағы болып келетіні естіген елді еріксіз тамсандырғандай еді.

Батыр баба асында аудан әкімі Қ. Тілеубергенев, Қарқаралы ауданының әкімі Н. Омарханов сөз сөйлеп, асқа жиналған алыс-жақын ағайынға тілек айтты.



Ел арасында Биата атанған Сеңкең батырлығымен қоса дуалы ауыз би де болған. Еліне қауіп төнгенде кеудесін оққа төсеген, бейбіт өмірде елін бірлікке шақыра білген данагөй батырдың есімі ел жадында сақталып, ерлігі ұрпаққа ұран болып қалған.

Ескі жырлардың бірінде:

"Би Сеңкібай кешегі,
Ерекше ер деседі.

Тіл біткеннің шешені,
Жауға бермес есені.
Аруақты, көшелі,

Қара-Шордың көсемі" деп жырланса, ас бергенде ақсақалдар:

"Әуелі Аллаһ оңдасын,
Қызыр болсын жолдасым.
Періштелер жар болып,
Алаш бабам қолдасын.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қарашорда Сеңкібай,
Әлтекеде Жидебай,

Ақын Б.Тобаяқов арнау оқып, батыр аруағына дұға бағышталған аста ерлігі елге ұран болған батыр бабамыз жайлы ел жадында жүрген аңыз-әпсаналар көп айтылды. "ҚазАқпарат" баспасынан қаламгер жерлесіміз Т. Майбастың құрастыруымен жарық көрген "Сеңкібай батыр-Биата" жинағы да дәл сол күні асқа жиналған көпшілік қолына тәбарік болып тиді.

Айтыла -айтыла үзігі қалған, естінің есінде, құйманың құлағында жүрген әңгімелерді елеп, екшеп келер ұрпаққа қалдыру саналы азаматқа аманат десек, Сеңкібай батыр ұрпақтары батыр бабамызға ас беріп, аты аңызға айналған тарихи тұлғаның тектілігін тағы бір мәрте ұлықтап, батыр аруағы алдындағы бір парызын өтеді.

**Жанас МҰҚАШ,
Талды ауылы.**

ҚОС ӘУЛИЕ

*Көшін бұрмай ешқашан ұлы жолдан,
Жібермейтін дұшпанын тірі қолдан.
Сеңкібай мен Жидебай, Абылайхан
Заманында баһадур, ірі болған.*

*Ешкімнен де қаймығып жасқанбаған,
Ат тұяғы астында асқар қалған.
Маңдаланың апайтөс арыстаны,
Бағы жанып, аруағы аспандаған.*

*Елін қорғап, жауына ұрыс салған,
Кул көкке ұшатын құрыш қамап.
Ұрпағына қалдырып жайлы қоныс,
Содан кейін көз жұмып тыныстаған.*

*Бала батыр атойлап жауға кірген,
Табысатын бабалар арманымен.
Қос әулие пайғамбар сияқтанып,
Қорғап елін жатқандай аруағымен.*

*Бүгінгі күн белеске шыққандарға,
О, жамағат, қызығып сұқтанбандар.
Қарашордың Сеңкібай бір биігі,
Әлтекеден Жидебай шыққан дара.*

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ, ақын.